




Маманға арналған орнату және қызмет көрсету нұсқаулығы

Logano G334 WS / G334 WS қосарлы қазан

73 кВт, 94 кВт, 115 кВт, 135 кВт (бір қазан)

146 кВт, 188 кВт, 230 кВт, 270 кВт (қосарлы қазан)

Орнату және техникалық қызмет көрсету жұмыстарын
өткізу алдында мұқият оқып шығыңыз.

Buderus

Мазмұны


1	Символдардың мағынасы және қауіпсіздік техникасының ережелері	4			
1.1	Белгі түсініктемесі	4			
1.2	Қауіпсіздік нұсқаулары	4			
2	Өнім туралы мәліметтер	5			
2.1	Берілген нұсқаулық туралы	5			
2.2	Мақсаты бойынша пайдалану	5			
2.3	Сәйкестік жөніндегі мәлімдеме	5			
2.4	Шолу	6			
2.5	Жеткізу жиынтығы	6			
2.6	Өнімнің сипаттамасы	6			
2.7	Зауыт тақтайшасы	7			
2.8	Өлшемдері және қосылымдары	7			
2.9	Техникалық деректер	8			
2.10	Жылыту қазанын пайдалану шарттары	9			
2.10.1	Электр тогымен қамтамасыз ету шарттары	9			
2.10.2	Қондырғы орналасқан бөлме жағдайлары	10			
2.10.3	Кіріс және шығыс ауа жолдарына қойылатын талаптар	10			
2.10.4	Отын талаптары - Н табиғи газы (физикалық талап)	11			
2.10.5	Жанғыш заттар мен Н табиғи газын пайдалану шарттары (химиялық талаптар)	11			
2.10.6	Жанармайға қойылатын талаптар - бутан/пропан сұйылтылған газы - қоспалар (химиялық құрамға қойылатын талаптар)	11			
2.10.7	Гидравлика мен су сапасына қойылатын талаптар	11			
2.10.8	Пайдалану шарттары	12			
2.10.9	Газ санатына қойылатын талаптар (әр елге тән)	12			
3	Жарлықтар	13			
3.1	Стандарттар мен директивалар	13			
3.2	Рұқсат және мәлімет алу міндеттемесі	13			
3.3	Орнату орны	13			
3.4	Пайдаланылған газ қосылымы	13			
3.5	Тексеру/қызмет көрсету	13			
3.6	Құралдар, материалдар және көмекші құралдар	14			
3.7	Нұсқаулар кепілдігі	14			
4	Қазанды тасымалдау және орнату	14			
4.1	Қазанды орнату	14			
4.1.1	Дара қазанды орналастырып, ортасынан туралаңыз	14			
4.1.2	Қосарлы қазанды орналастырып, ортасынан туралаңыз	15			
5	Орнату	16			
5.1	Алаудан қорғау құрылғысын/шығыс газдар коллекторын орнатыңыз	16			
5.2	Қорекпен қосылымды орнату	16			
5.2.1	Газды қосуды жүзеге асыру	16			
5.2.2	Газ қысымы релесін орнату	17			
5.2.3	Жылыту құрылғысының кері және алға қарай айналым жүйесін қосу	17			
5.3	Жылыту құрылғысын толтыру және тығыздығын тексеру	18			
5.4	Қаптау бөлшектерін орнатыңыз	19			
5.5	Электрлік байланысты орнату	20			
5.5.1	Logamatic 2000 реттегіш құрылғысын орнату	20			
5.5.2	Logamatic 4000 реттегіш құрылғысын орнату	21			
5.5.3	Температура сезінгіш бумасын орнату	21			
5.5.4	Қазандағы температураны реттегішті алмастыру	22			
5.5.5	Басқа да электр қосылым желілерін жалғау	22			
5.5.6	Сыртқы құрамдастарды жалғау	23			
5.5.7	Желілік байланысты орнату	23			
5.5.8	Үстінен жабатын және қазанның артқы жабуын орнату	23			
5.6	Пайдаланылған газ байланысы мен пайдаланылған газ бақылауға арналған нұсқаулар	24			
5.6.1	Пайдаланылған газды бақылау (қосымша бөлшек)	24			
5.6.2	Пайдаланылған газ құрылғысы құрылым түрі Vxx	24			
5.7	AW 50 ПГ бақылау құрылғысын орнатыңыз	24			
5.7.1	Басқару блогын орнату және қосу	24			
5.7.2	ПГ температурасы датчигін орнату	25			
5.7.3	Зауыттық тақтайшаға қосымша	25			
6	Қолданысқа енгізу	26			
6.1	Газ көрсеткіштерін жазып алу	26			
6.2	Жұмыс қысымын орнатыңыз	26			
6.3	Тексеру және өлшеу	27			
6.3.1	Газ тығыздығын тексеру	27			
6.3.2	Газ құбырын ауадан босату	27			
6.3.3	Кіріс және шығыс ауа саңылауларын және ПГ қосылымдарын тексеріңіз	28			
6.3.4	Құрылғы жабдықтарын тексеру	28			
6.3.5	Оттықтарды қосу	28			
6.3.6	Берілетін газ қысымын өлшеңіз	29			
6.3.7	Пайдалану кезінде тығыздықты тексеру жұмыстарын жүргізу	30			
6.3.8	Өлшеу көрсеткіштерін қабылдау	30			
6.3.9	Ағын қысымы	30			
6.3.10	Пайдаланылған газ шығыны	31			
6.3.11	СО үлесі	31			
6.3.12	Өлшеу жұмыстарын аяқтау	31			
6.4	Қызмет тексерістері	31			
6.4.1	Қорғаныс температура шектегіш құралын (STB) тексеру	31			
6.4.2	Иондану ағынын өлшеу	31			
6.4.3	Газ қақпақшасын (Қосымша жабдық) тексеру	32			
6.4.4	AW 50 пайдаланылған газды бақылау жүйесін тексеру	32			
6.5	Ақырғы жұмыстар	32			
6.6	Кәсіпкерді хабардар етіңіз және техникалық құжаттарды тапсырыңыз	32			
6.7	Іске қосу хаттамасы	33			
7	Жылыту қондырғысын ажырату	34			
7.1	Жылыту қондырғысын реттегіш қондырғы арқылы пайдаланудан шығарыңыз	34			
7.2	Жылыту қондырғысын ұзақ уақытқа өшіру	34			
7.3	Қажетті жағдайда жылыту қондырғысын өшіру	34			

8	Қоршаған ортаны қорғау/кәдеге жарату	35
9	Тексеру және техникалық қызмет	35
9.1	Жылыту құрылғысын тексеруден өткізу	35
9.1.1	Жылыту құрылғысын тексеруге дайындау	35
9.1.2	Қазанның алдыңғы қабырғасын бөлшектеңіз	36
9.1.3	Тот басудың жалпы белгілерін қарап шығу	36
9.2	Герметикалықты ішкі тексеру	36
9.2.1	Толтыру көлемін тексеру	36
9.2.2	Герметикалықты тексеріңіз	37
9.3	ПГ құбырын, жануға арналған ауаны және желдеткіш саңылауларын тексеру	38
9.4	Жылыту құрылғысының ауа қысымын тексеру	38
9.5	Берілетін газ қысымын өлшеңіз	38
9.6	Форсункалар қысымын өлшеу	38
9.7	Қажетті қызмет көрсету	39
9.7.1	Қазанды тазарту	39
9.7.2	Жылыту қазанын дымқыл тазалау	40
9.7.3	Жанарғыны тазарту	40
9.7.4	Пайдалану кезінде тығыздықты тексеру жұмыстарын жүргізу	41
9.7.5	Өлшеу көрсеткіштерін қабылдау	41
9.7.6	Қызмет көрсетуді тексеру	41
9.7.7	Қызмет көрсетуден кейін	41
9.8	Тексеру және қызмет көрсету хаттамасы	42
10	Жылыту қазанын газдың басқа түріне ауыстыру	44
10.1	Сұйық газға қайта реттеу	44
10.1.1	Газ қысымын бақылау құралын алмастыру	44
10.1.2	Негізгі газ форсункаларын алмастыру	44
10.1.3	Сұйық газ үшін іске қосу жүктемесінің адаптерін орнату	45
10.2	Табиғи газға қайта реттеу	45
10.2.1	Негізгі газ форсункаларын алмастыру	45
10.2.2	Іске қосу жүктемесінің адаптерін шығару	45
10.3	Аяқтау жұмыстарын орындау	45
10.3.1	Форсунка қысымын орнату әдісіне қарай оттықтарды орнату	45
10.3.2	Қолданысқа енгізу	46
11	Ақауды жою	47
	Индекс	49

1 Символдардың мағынасы және қауіпсіздік техникасының ережелері

1.1 Белгі түсініктемесі


Ескертулер



Келесі сигнал сөздер анықталған және осы құжатта қолданылады:

- **ҰСЫНЫС** материалдық шығын орын алуы мүмкін екенін білдіреді.
- **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ** жеңіл немесе орта деңгейлі дәрежеде адамдарға зиян келуі мүмкін екендігін білдіреді.
- **ЕСКЕРТУ** ауыр дәрежедегі немесе өмірге қауіпті зиян келуі мүмкін екендігін білдіреді.
- **ҚАУІП** ауыр дәрежедегі немесе өмірге қауіпті зиян келетіндігін білдіреді.

Маңызды ақпарат



Басқа таңбалар

Таңба	Мәні
►	Қолданылу кезеңі
→	Құжаттың басқа бөліміне көлденең сілтеме
•	Тізбе/тізім жазбасы
–	Тізбе/тізім жазбасы (2- деңгей)

Кесте 1 Таңба - мағынасы

1.2 Қауіпсіздік нұсқаулары

Қауіпсіздікке қатысты жалпы нұсқаулар

Қауіпсіздік нұсқауларын сақтамау ауыр залалдарға - өлімге сонымен бірге заттар мен қоршаған ортаға зиян келтіруге алып келуі мүмкін.

- Жылыту қондырғысын қолданбас бұрын қауіпсіздік нұсқауларын мұқият оқып шығыңыз.
- Қондыру мен өңделген газды қосу және қондырғыны алғаш рет іске қосуға тек заңды түрде рұқсат берілген мекеменің мүдделі екендігіне назар аударыңыз.
- Техникалық қызмет көрсетумен және ақаусыз күйінде ұстаумен уәкілетті жылумен қамтамасыз ету кәсіпорны айналысатынына көз жеткізіңіз.
- Тазалау жұмысын пайдалану жиілігіне орай өткізу қажет. Қызмет көрсету және тазалау жұмыстарын жүргізу аралығын 9 бөліміне, 35-беттен қараңыз.
- Анықталған ақауларды дереу жойыңыз.
- Техникалық қызмет көрсету жылына 2 рет өткізіледі. Ол кезде жылыту қондырғысының барлық бөлшектерінің мүлтіксіз жұмыс істеп тұрғанын тексеріңіз.
- Анықталған ақауларды дереу жойыңыз.

Газдың иісі шыққан кездегі жарылыс қаупі

- Негізгі бекіту кранын немесе газ кранын жабыңыз.
- Терезелер мен есіктерді ашыңыз.
- Электр қосқыштарды қолданбаңыз.
- Штекерді тартпаңыз.
- Телефон соғуға немесе қоңырау соғуға болмайды.
- Ашық жалынды сөндіріңіз.
- Темекі шекпеңіз.
- Темекі тұтатқышты қолданбаңыз.
- Газдың шыққан дыбысы естілген жағдайда ғимараттан дереу шығыңыз.
- **Сырттан** үй тұрғындарын ескертіңіз, бірақ қоңырау шалмаңыз.
- Газ қызметі мекемелеріне және өкілетті қызмет көрсету орындарына қоңырау шалыңыз.
- Бөгде адамдарды кіргізуге болмайды.
- Полиция және өрт сөндіру қызметіне ғимараттан тыс жерде хабар беру керек.

Газдың иісі шыққан кездегі жарылыс қаупі

- Жылыту қондырғысын сөндіріңіз (→ 7 тарауы, 34-бет).
- Терезелер мен есіктерді ашыңыз.
- Тіркелген маманға хабарлаңыз.

Улану қаупі. Таза ауаның жеткіліксіздігі қауіпті газ ағынының жиылуына әкелуі мүмкін

- Ауа келетін және шығатын тесіктердің кішірейіп немесе жабылып қалмауын қадағалаңыз.

Ақау дереу жойылмаған жағдайда:

- Қазанды сөндіріңіз.
- Қондырғыны жеткізуші мекемеге табылған ақау мен қауіп туралы жазбаша түрде мәлімдеу қажет.

Жанғыш газдардың жарылу қаупі

- Қондырғының газ жеткізгіш бөліктерін тексеруді тек өкілетті қызмет көрсету мекемесінің мамандары ғана жүргізуі тиіс.

Ашық қазандағы электр тогы соғуы қаупі

Қазанды ашпастан бұрын:

- Жылыту қондырғысын қосқыштың көмегімен токсыз қосу және/немесе жылыту қондырғысын тиісті құрал көмегімен электр желісінен ажырату керек. Реттегіш құралды ғана ажырату жеткіліксіз.
- Жылыту қондырғысын байқаусызда қайта қосылуына жол бермеңіз.

Жарылғыш және жеңіл тұтанғыш материалдардан туындайтын қауіп

- Жеңіл тұтанғыш материалдарды қазандықтың жанында пайдалануға немесе сақтауға болмайды (мысалы, қағаз, қосындылар, бояулар).

Қауіпті жағдайда өз қауіпсіздігіне көңіл бөлмеуден туатын қауіп

- Мысалы, өрт кезінде:
- Қауіпті жағдайда өз қауіпсіздігіне көңіл бөлмеуден туатын қауіп. Өз қауіпсіздігіңіз басты назарда болуы керек.

Күйіп қалу қаупі

- Тексеру және қызмет көрсету алдында қазанды суыту қажет. Жылыту қондырғысындағы температура > 60 °C болуы керек.

Орнату орны**Пайдаланылған газ шыққан кездегі улану қаупі**

- ▶ Жанғыш қондырғыны пайдалану кезінде бөлмеде таза ауа ағынын азайтатын механикалық ауа айдағыш құрылғылардың іске қосылып тұрмағандығына назар аударыңыз (мысалы, сорғыш түтіктер, киім кептіргіштер және ауа желдеткіштері).
- ▶ Қазанның аталған қысымды жіберетін тек бір мұржамен қосылуын қадағалау керек.
- ▶ Ағын қамтамасыз етілген соң қазанды жылумен басқарылатын газ клапанымен пайдалануға болмайды.

Пайдаланылған газды бақылау:**Пайдаланылған газ шыққан кездегі улану қаупі**

Пайдаланылған газды бақылауға араласу кезінде шыққан газ адамның өміріне қауіпті болуы мүмкін.

- ▶ Пайдаланылған газды бақылау жүйесіне жөндеу жұмыстарын жүргізуге болмайды.
- ▶ Бөлшектерді алмастыру кезінде тек қана түпнұсқа бөлшектерді қолданыңыз.
- ▶ Температура өлшегішті алмастырудан соң, көрсетілген орынға орнатыңыз.

Егер пайдаланылған газды бақылау жүйесі жиі сигнал берсе, мұржа қызметіне және/немесе пайдаланылған газдың шығу жолдарына зақым келген болуы мүмкін.

- ▶ Ақауды жойыңыз.
- ▶ Қызмет тексерісін жүргізіңіз.

Жинау немесе қайта құру:

- ▶ **Ауа ағыны шектеулі жайларда пайдаланылған жағдайда** есіктер, терезелер мен қабырғалардағы ауа ағынымен қамтамасыз ететін саңылауларды ашық қалдыру және жаппау керек.
- ▶ Герметикалық терезелерді орнату кезінде жану үшін ауа берілуі керек.

Ақау дереу жойылмаған жағдайда:

- ▶ Қазанды сөндіріңіз.
- ▶ **Сақтандырғыш клапандарды жабуға мүлдем болмайды** Қыздыру үшін су қыздырғыштың сақтандырғыш клапанынан шығып тұруы мүмкін.
- ▶ Газды жеткізу бөлшектерін өзгертуге болмайды.

Қазандағы жұмыстар

- ▶ Орнау, қолдану, тексеру және мүмкін жөндеу жұмыстарын тек қана мүдделі мекемелер жүргізуі тиіс. Жұмыс жүргізу кезінде ережені сақтау керек (→ 3 тарауы, 13-бет).

Тұтынушыға түсініктеме

- ▶ Тұтынушыға қазанның жұмыс принципін түсіндіріңіз және оны пайдалану нұсқаулығымен таныстырыңыз.
- ▶ Қолданушы жылыту қондырғысының қауіпсіздігі мен экология талаптарына сәйкестігіне жауап береді (Экология туралы федералдық заң).
- ▶ Тұтынушыларға өзгерістер енгізуге тыйым салынатындығын ескерту керек.
- ▶ Қызмет көрсету мен өзгерістер енгізуді тек мүдделі мамандандырылған мекемелер жүргізе алады.
- ▶ Тек түпнұсқа бөлшектерді пайдаланыңыз.
- ▶ Сонан соң ғана басқа комбинациялар, қосымша және тез тозғыш бөлшектерді, олар қолданысқа арналған жағдайда ғана, пайдалану керек.

2 Өнім туралы мәліметтер**2.1 Берілген нұсқаулық туралы**

Бұл пайдалану нұсқаулығы қазанды сенімді және білікті орнату, пайдалану және оған қызмет көрсетуге арналған маңызды мәліметтерді қамтиды.

Бұл құжаттар өзінің кәсіби білімі мен тәжірибесіне сүйене отырып, жылыту құрылғысы мен газ құрылғыларын қолдана алатын мамандарға арналған.

Қазанмен бірге мынадай құжаттар беріледі:

- Қолдану туралы нұсқаулық
- Орнату және техникалық қызмет көрсету бойынша нұсқаулық
- Қосалқы бөлшектер каталогы

Жоғарыда аталған құжаттарды Интернет арқылы да алуға болады.

- ▶ Өндірушінің байланыс ақпараты мен интернеттегі мекенжайын осы құжаттың артқы бетінен қараңыз.

Егер жоғарыда аталған құжаттаманы жақсарту жөнінде ұсыныстар болса немесе дәлсіздік байқасаңыз:

- ▶ Buderus хабарласыңыз.

2.2 Мақсаты бойынша пайдалану

Нұсқауға сәйкес пайдалану үшін:

- ▶ Соблюдайте руководство по монтажу и техническому обслуживанию, руководство по управлению, данные на заводской табличке и технические данные (→ глава 2.7, страница 7 и глава 2.9, страница 8).
- ▶ Қазандықты жылу жүйесіне арналған ыстық суды жылыту үшін және/немесе ауыз суды жылыту алдында пайдалану керек (мысалы, сужылытқыш).

Басқа кез келген жолмен пайдалану мақсатына қайшы пайдалану болып саналады.

2.3 Сәйкестік жөніндегі мәлімдеме**EG сәйкестік бойынша мәлімдемесі**

Бұл өнімнің құрылымы мен қызметтік сипаттары еуропалық директивалар мен бекітілген ұлттық талаптарға сәйкестендірілген. Сәйкестік CE белгісімен расталады.

Сәйкестік сертификатының баспа нұсқасы құжаттар салынған папкада болады. Өнімнің сәйкестігі бойынша мәлімдемені өндірушіден де сұрауға болады. Бұл үшін осы нұсқаудың артқы бетінде көрсетілген мекенжай бойынша хабарласыңыз.

ЕАС сәйкестілік бойынша мәлімдемесі

Бұл өнімнің құрылымы мен пайдаланылуы Еуропалық Кеден одағының директиваларына сәйкес келеді. Сәйкестілік жанындағы белгімен расталады.

2.4 Шолу

Қазан белгіленуі келесі бөліктерден құралады:

Logano G334	Түр атауы
WS	Арнайы газбен жылыту қазаны
Дара қазан:	Жылу өнімділігі [кВт] - элемент мөлшері
	73-8
	94-10
	115-12
Қосарлы қазан:	135-14
	Жылу өнімділігі [кВт] - элемент мөлшері
	146-16 (2 x 8)
	188-20 (2 x 10)
	230-24 (2 x 12)
	270-28 (2 x 14)

Кесте 2 Шолу

2.5 Жеткізу жиынтығы

Дара қазан G334WS 73 кВт...94 кВт

Жиынтық бөлігі	Бірлік	Қаптама
Ендірілген жанарғысы бар алаудан сақтау және қаптамасы орнатылған қазан блогы	1	Ассортимент
Техникалық құжаттар	1	Үлдір қаптама
Техникалық құжаттары бар реттегіш құрылғы	1	Картон

Кесте 3 73 кВт...94 кВт дара қазан жеткізу

Дара қазан G334WS 115 кВт...135 кВт

Жиынтық бөлігі	Бірлік	Қаптама
Табиғи газ пайдаланатын ендірілген жанарғысы бар қазан блогы H/E (G20)	1	Ассортимент
Қаптама және термооқшаулау	1	Картон
Ағынмен қамтамасыз ету	1	Картон
Техникалық құжаттары бар реттегіш құрылғы ¹⁾	1	Картон
Техникалық құжаттар	1	Үлдір қаптама

Кесте 4 115 кВт...135 кВт дара қазан жеткізу

1) тек белгілі бір елдер үшін

Қосарлы қазан G334WS 146 кВт...270 кВт

Қосарлы қазан екі қазан блогынан және бір біріктірілген жану газдарының коллекторынан тұрады:

Жиынтық бөлігі	Бірлік	Қаптама
Табиғи газ пайдаланатын ендірілген жанарғысы бар қазан блогы H/E (G20)	2	Ассортимент
Қаптама және термооқшаулау	2	Картон
Шығыс газдарға арналған коллектор	1	Картон
Техникалық құжаттары бар реттегіш құрылғы ¹⁾	1	Картон
Модуль TM32	1	Картон
Техникалық құжаттар	1	Үлдір қаптама

Кесте 5 146 кВт...270 кВт қосарлы қазан жеткізу жиынтығы

1) қазанның стандартты жиынтығында болмайды

2.6 Өнімнің сипаттамасы

Қазанның зауыттық жиынтығы газ жанарғысымен жабдықталған.


Жеткізу үшін екі нұсқа қолжетімді:

- Дара қазан
- Қосарлы қазан

Дара қазан

Қазанның негізгі құрамдас бөлігі:

- Жылудан қорғалған [4] және газ жанарғысы бар [1] қазан блогы: қазан блогы газ жанарғысы тудыратын жылуды жылыту жүйесіндегі суға береді.
- Қаптама [3], қазанның алдыңғы қабырғасы [6]: қаптама және термооқшаулау қуаттың шығындалуына жол бермейді.




Сурет 1 Дара қазанның негізгі компоненттері

- [1] Жанарғы
- [2] Газ арматурасы
- [3] Қаптама
- [4] Жылу сақтағышы бар қазан блогы
- [5] Реттеуші құрылғы (қазанның стандартты жиынтығында болмайды)
- [6] Қазанның алдыңғы бөлігі

Қосарлы қазан

Қосарлы қазан қуаттылығы бірдеу екі қазан блогынан тұрады, олардың әрқайсысы дара қазанның жабдықтарымен жасақталған.

Алаудан қорғау құрылғыларының орнына дара қазандарда қосарлы қазандардың ортасындағы байланыстырушы элемент ретінде шығыс газдар үшін коллектор [3] болады.



Сурет 2 Қосарлы қазанның негізгі компоненттері

- [1] Қазан 1
[2] Қазан 2
[3] Шығыс газдарға арналған коллектор

- Жеткізілім толық жіберілгенін тексеріңіз.
► Газ түрі туралы анықтаманы зауыттық тақтайшадан тексеріңіз.

Қазанға қосымша бөлшектер алынады.

- Каталогтан тиісті қосымша жабдық туралы толығырақ деректерді алыңыз.

Қалған жеткізу бірліктері

Жиынтық бөлігі	Бірлік	Қаптама
Пайдаланылған газды бақылау	1	
Басқа газға реттеу жиынтықтары	1 (2) ¹⁾	

Кесте 6 Қалған жеткізу бірліктері

1) Қосарлы қазанға

Аймақтық немесе ұлттық ережелер мен талаптарға байланысты басқа жеткізу бірліктері қоса берілуі керек.

2.7 Зауыт тақтайшасы

Зауыттық тақтайшада қазанға қатысты келесі мәліметтер бар:

- Өндіруші
- Сериялық нөмірі
- Жылу қуаты (номиналды қуаты)
- Қазан класы EN 303-5 стандартына сәйкес келеді
- Су мөлшері
- Жанармай
- Электр қуатын пайдалану
- Өндірушінің мекенжайы
- Қазанның құрылысы
- Модель/Қазан түрі
- Рұқсат етілген жұмыс қысымы
- Максималды қазан температурасы
- Қазан салмағы (бос)
- Жанармай
- Желі кернеуі
- Электр қорғаныс түрі


Зауыттық тақтайша орны

Дара қазандарда зауыттық тақтайша [1] екінші бетінде болады.

Қосарлы қазандар үшін зауыттық тақтайша техникалық құжаттармен бөлек беріледі.

Қосарлы қазанды орнатқаннан кейін:


- зауыттық тақтайшаны қазанда жақсы көрінетін жерге бекітіңіз.



Сурет 3 Зауыттық тақтайшаның дара қазанда орналасуы

[1] Зауыт тақтайшасы

2.8 Өлшемдері және қосылымдары



Сурет 4 Өлшемдері мен қосылымдары (өлшемдер миллиметрмен көрсетілген)

- EL Босату (толтыру/босату шүмегін біріктіріп қосу үшін)
GAS Газ порты
RK Қазанның артқы тетігі
RSL Кері жүріс қауіпсіздендіретін мұржа (кеңейтетін бак үшін қосу бөлшегі)
VK Қазанның алдыңғы тетігі

- VSL Сақтандырғыш құбыр алдына жүріс (тапсырыс беруші желдеткішіне, сақтандырғыш клапанына және манометрге қосылу)

2.9 Техникалық деректер

Қазан өлшемі	Бірлік	73-8	94-10	115-12	135-14	146-16 қосарлы қазаны	188-20 қосарлы қазаны	230-24 қосарлы қазаны	270-28 қосарлы қазаны
Толық жүктеме режимі									
Номиналды жылу қуаттылығы	кВт	73,0	94,0	115,0	135,0	146,0	188,0	230,0	270,0
Жағу қуаттылығы	кВт	79,5	102,6	125,7	148,0	159,0	205,2	251,4	296,0
Қазан ПЭК	%	91,8	91,6	91,5	91,2	91,8	91,6	91,5	91,2
Кезекті ысыраптар ¹⁾	%	1,07	1,01	0,98	0,95	1,07	1,01	0,98	0,95
Пайдаланылған газ температурасы ²⁾³⁾	°C	111	118	116	132	125	121	111	113
Пайдаланылған газдың массалық ағыны ³⁾	кг/сек	0,0562	0,0726	0,0919	0,0955	0,10	0,141	0,197	0,2365
CO ₂ үлесі ³⁾	%	5,7	5,7	5,5	6,3	6,5	5,9	5,1	5,0
Беріліс қысымы (минималды...максималды)	Па	3...10	3...10	3...10	3...10	3...10	3...10	3...10	3...10
Толық емес жүктеме режимі	Толық емес жүктеме режимі, дара қазан					½ - Толық емес жүктеме режимі, қосарлы қазан			
Толық емес жүктеме кезіндегі жылу қуаттылығы	кВт	41,63	52,10	62,50	72,40	74,00	95,50	116,8	137,3
Толық емес жүктеме кезіндегі жағу қуаттылығы	кВт	45,4	57,0	68,6	79,7	79,5	102,6	125,7	148,0
Пайдаланылған газ температурасы ²⁾³⁾⁴⁾	°C	94	92	89	103	78	75	71	74
Пайдаланылған газдың массалық ағыны ³⁾	кг/сек	0,0458	0,0621	0,0812	0,0868	0,082	0,115	0,158	0,175
CO ₂ үлесі ³⁾	%	3,9	3,6	3,3	3,6	3,8	3,5	3,1	3,3
Жылыту контуры									
Алға қарай ағыстың қосымша температурасы ⁵⁾	°C	110	110	110	110	110	110	110	110
Жылыту қазанының максималды жұмыс қысымы	бар	4	4	4	4	4	4	4	4
Жылу айналымындағы жылу алмастырғыш	л	35	43	51	59	70	86	102	118
Электр сипаттамалары									
Электр қорғаныс түрі		IP40	IP40	IP40	IP40	IP40	IP40	IP40	IP40
Сақтандырғыш	A	10	10	10	10	10	10	10	10
Температура реттегішінің уақыт тұрақтысы	сек	40	40	40	40	40	40	40	40
Уақыт тұрақтысы (STB)	сек	40	40	40	40	40	40	40	40
Қауіпсіз температура шектегіш құралы									
Пайдаланылған газ шығару жүйесі және пайдаланылатын газ шығару қосылымы									
Құрылым	–	B ₁₁ B _{11BS}	B ₁₁ B _{11BS}	B ₁₁ B _{11BS}	B ₁₁ B _{11BS}	B ₁₁ B _{11BS}	B ₁₁ B _{11BS}	B ₁₁ B _{11BS}	B ₁₁ B _{11BS}
Диаметр Ø AA	мм	200	225	250	250	250	300	360	360
ОГ Н ПГ шығару қосылысы биіктігі _{AA}	мм	1043	1043	1043	1043	1162	1182	1182	1182
Өлшемдері және салмағы									
Қазан элементтері саны	–	8	10	12	14	16	20	24	28
В қазанның жалпы ені	мм	880	1060	1240	1420	880	1060	1240	1420
С+Т қазанның жалпы тереңдігі	мм	750	775	800	800	1610	1610	1610	1610
С тереңдігі	мм	150	175	200	200	–	–	–	–
Т тереңдігі (реттегіш құрылғымен)	мм	600	600	600	600	–	–	–	–
Қазан биіктігі	мм	1034	1034	1034	1034	1034	1034	1034	1034
Қазанның жалпы биіктігі (реттегіш құрылғысын қосқанда)	мм	1264	1264	1264	1264	1264	1264	1264	1264
Салмағы ⁶⁾	кг	334	422	496	572	688	844	992	1144

Кесте 7 Техникалық деректер

- 1) Бөлме температурасында 25 °C, қазан температурасында 75 °C және мұржасыз 1 м шығыс құбырында.
- 2) Түтін мұржасын есептеу үшін пайдаланылған газдың минималды температурасы үй мұржасы үшін DIN 4705 стандартына сәйкес ~ 6 К төменірек.
- 3) Бөлме температурасында 20 °C және түтін мұржасынсыз 1 м шығыс газ құбыры болғанда алаудан қорғау құрылғысынан кейін өлшенген
- 4) Согласно EN 656
- 5) Қауіпсіз шек қорғаныс температура шектегіш құралымен (STB) белгіленеді. Алға қарай ағыстың мүмкін болатын максималды температурасы = қауіпсіз шек (STB) - 18 К. Мысалы: қауіпсіз шек = 100 °C, алға қарай ағыстың мүмкін болатын максималды температурасы = 100-18 = 82 °C. Қауіпсіз шек арнайы ұлттық талаптарға сай келуі керек.
- 6) Орамды қосқандағы салмағы 6 - 8 % үлкен.

Қазан өлшемі	Негізгі газ форсуноктарының саны	Негізгі газ форсуноктарының сипаттамасы		Форсунка қысымы ¹⁾
		Табиғи газ Н/Е (G20)	Сұйық газ Р/В (G30/G31)	Табиғи газ Н/Е (G20) [мбар]
73-8	7	310	165	10,5
94-10	9	310	165	10,1
115-12	11	310	165	10,7
135-14	13	310	165	10,4
146-16 (қосарлы қазан)	14	310	165	10,5
188-20 (қосарлы қазан)	18	310	165	10,1
230-24 (қосарлы қазан)	22	310	165	10,7
270-28 (қосарлы қазан)	26	310	165	10,4

Кесте 8 Негізгі газ форсуноктары

1) 15 °C газ температурасы мен 1013 мбар ауа қысымына сәйкес

2.10 Жылыту қазанын пайдалану шарттары

Бұл тарауда қазандықты Buderus реттегіш құрылғыларымен Logamatic 2000 және Logamatic 4000 іске қосылғандағы пайдалану шарттары аталады. Пайдалану шарттары орындалған жағдайда еуропалық стандартқа сәйкес тұтынудың жоғары деңгейі мен пайдалану ұзақтығына қол жеткізуге болады.



ҰСЫНЫС: Пайдалану шарттарын орындамаған жағдайда құрылғы зақымдалуы мүмкін!

Пайдалану шарттарын орындамаудың түрі мен көлеміне орай бұл әрекет қазандықтың немесе оның бөліктерінің бұзылуы сияқты зақымдалуларға алып келуі мүмкін.

► Қазанның жапсырмасындағы нұсқауларды орындаңыз.

Пайдалану шарттары	Бірлік	Сала	Ескертулер - Талаптарды нақтылау
Максималды температура T _{max} /TS	°C	100...120	Алға ағынының рұқсат етілетін максималды температурасы осы диапазонның шеңберіндегі мәнмен шектелуі мүмкін. Қауіпсіз шек (қауіпсіз температураның шектегіш құралы) алға ағынының мүмкін болатын максималды температурасы = қауіпсіз шек (STB) - 18 K Мысал: қауіпсіз шек (STB) = 100 °C алға ағынының температурасы = 100 °C - 18 K = 82 °C.
Рұқсат етілетін жалпы қысым ПМС:	бар	≤ 4	
Максималды уақыт тұрақтысы, қауіпсіз температураны шектегіш құрал:	сек	≤ 40	
Температура реттегіші үшін ең жоғары уақыт тұрақтысы	сек	≤ 40	
Құрылым	–	–	B ₁₁ , B _{11BS}

Кесте 9 Жылыту қазанының жұмыс талаптары

2.10.1 Электр тогымен қамтамасыз ету шарттары

Пайдалану шарттары	Бірлік	Сала	Ескертулер - Талаптарды нақтылау
Жылыту қазанындағы қуат кернеуі	В	185...250	Қазан корпусы/жерге тұйықтау құрылғысы жұмыс және адамдарды қорғау үшін қажет! Алауды бақылау құрылғысы үшін қорғаныш жерге тұйықтау құрылғысы бар PEN сымын қосу қажет. Егер тапсырыс беруші қосылыспен қамтамасыз етпесе, бөлгіш трансформаторлы қолдану қажет (мысалы, екі фазалы жұмыс режимінде).
Сақтандырғыш	А	10	
Жиілік	Гц	47,5...63,0	Синус пішінді қуат кернеуі
Қорғаныс түрі	–	–	IP20: бөгде қатты заттардың түсуіне жол бермеу үшін контактілік қорғаныс диаметр > 12,5 мм; судан қорғамай IP40: Бөтен заттармен жанасу қорғанысы > 1 мм диаметр; су қорғанысынсыз

Кесте 10 Электр қуаты

2.10.2 Қондырғы орналасқан бөлме жағдайлары

Пайдалану шарттары	Бірлік	Сала	Ескертулер - Талаптарды нақтылау
Қоршаған ортаның жұмыс температурасы	°C	+5...+40	Қондырғы бөлмесіндені температура.
Ауа ылғалдылығы	%	≤ 90	Қойылатын бөлмеде ешқандай конденсация және ылғалдылық болмауы керек.
Шаң/Тозаң	–	–	Пайдалану кезінде бөлмеде шаң болмауы тиіс. - Мысалы, шаңды құрылыс жұмыстарында пайда болатын шаң Жағуға арналған ауада көп мөлшерде шаң болмауы тиіс. - Мысалы, жақын жерде орналасқан грунт жолдар мен соқпақ жолдардың шаңы - мысалы, тас жару орындары немесе шахталар сияқты өндірістік және өңдеу салаларынан келетін шаң әсері Жануға арналған ауада көп мөлшердегі дән ұшпауы болмауы тиіс. - Мысалы, көрзеңке гүлдері дәндері Қажеттілік туындағанда ауа елегін пайдаланыңыз.
Галоген-көмірсутек қосылыстары	–	–	Жағуға арналған ауада галоген-көмірсутек қосылыстары болмауы тиіс. - Галоген-көмірсутек қосылыстарының шығу көзін табыңыз және жабыңыз. Мүмкін болса, жағуға арналған ауаны галоген-көмірсутек қосылыстарымен ластанбаған аймақтардан алу керек. Назар аударыңыз: - Есептік жұмыс кестесі К 3 (Германия жылу өнеркәсібінің федералды одағының № 1 ақпараттық бюллетені)
Қоятын бөлмеден ауа алатын желдеткіштері.	–	–	Жанарғылар жұмыс істеп тұрғанда, қазан орнатылған бөлмеден жану үшін ауа алатын кез келген ауа тасымалдайтын механикалық құрылғыларды пайдалануға тыйым салынады. - Мысалы, ауаны сорып алатын қақпақша - Мысалы, киім кептіргіш - Мысалы, желдеткіш құрылғылары
Ұсақ жәндіктер	–	–	Қондырғы орналасқан бөлмені және жануға арналған ауаны беру құрылғысын ұсақ жәндіктердің енуінен қорғаңыз. Қажеттілік туындағанда торды пайдалану керек.
Өрттен қорғау	–	–	Тез тұтанғыш құрылыс нысандарға дейін арақашықтықты жергілікті нұсқауларға сәйкес сақтау керек. Міндетті түрде 40 см минималды қашықтықты сақтаңыз. Тұтанғыш материалдар мен жанғыш сұйықтықтарды қазанның жанында сақтауға болмайды.
Су басу	–	–	Кенеттен тасып кету қаупі орын алған жағдайда су пайда болғанға дейін газ жылыту қазанын отын беру және ағын беру тарапынан пайдаланудан шығару керек. Пайдалану алдында суланған арматуралар, реттегіш және басқару құрылғыларын уәкілетті мамандандырылған жылыту кәсіпорны арқылы алмастыру керек.

Кесте 11 Орналастыру шарттары - қоршаған орта

2.10.3 Кіріс және шығыс ауа жолдарына қойылатын талаптар

Пайдалану шарттары	Қазанның қуаты (бірнеше қазан болса, олардың жалпы қуаты) [кВт]	Жеткізілетін ауаның көлденең разряды (бос ауа аймағы) [см ²]	Ескертулер - Талаптарды нақтылау
Сырттан жану үшін ауа беруге арналған берілетін ауаның көлденең қимасы	10...50	150	Ауа торын немесе ауа сүзгісін орнатқан кезде саңылаудың көлденең қимасы сәйкесінше үлкен болуы керек.
	50...70	200	
	70...90	250	
	90...110	300	
	110...130	350	
	130...170	450	
	170...220	600	
	220...270	750	

Кесте 12 Берілетін ауаның еркін көлденең қимасы

Пайдалану шарттары	Бірлік	Сала	Ескертулер - Талаптарды нақтылау
ПГ шығару қондырғысын қолдауға қажет күш (газ жолындағы вакуум)	Па	3...30	Қазанды пайдалану кезінде көрсетілген ағын қысымын қамтамасыз ететін мұржамен немесе ПГ құрылғысымен пайдалану керек. Тек тұтанбайтын құрылыс өнімдеріне ғана рұқсат етіледі. Қазан 3...10 Па вакуумымен жұмыс істейді. Егер ұстау күші > 10 Па болса: ► Қосымша ауа жүйесін орнатыңыз.

Кесте 13 ПГ шығару жүйесін қолдау күші

2.10.4 Отын талаптары - Н табиғи газы (физикалық талап)

Пайдалану шарттары	Бірлік	Сала	Ескертулер - Талаптарды нақтылау
Жалпы мәліметтер	–	--	Отын ретінде тек табиғи газды пайдалану керек. Мысалы, келесі газ түрлерін қолдануға болмайды: • Пропан - ауа - қоспалар • Өңделген газ • Биогаз • Метан • Органикалық қалдық газдары.
Воббе индексі (Вс)	кВтсағ/м ³ н	12,0...16,1	0°C температурасында Вс; 1013 сағ-Па
Жану жылуы (Hs)	кВтсағ/м ³ н	9,5...13,1	
Салыстырмалы тығыздық	–	0,55...0,75	
Су құрамы - шық нүктесі	°C	≤ +5	
Шаң, тұман, сұйықтық	–	–	Газ техникалық құрылғыларды ұзақ уақыт пайдалану кезінде отын арматуралар, електер мен сүзгілерге жиналулар мен олардың тарылуына әкелмеуі керек.
Көмірсутектер - конденсация нүктесі	°C	–	Құбырда сәйкес қысым болғандағы топырақ температурасы.
Қосылым қысымы	мбар	10,0...25,0	Газы қосылысы қысымының < 10 мбар дейін төмендеуіне жол бермеу үшін газ қысымын бақылау құрылғысы қажет (қосымша жабдық).
Тыныштық жағдайындағы қысым (жанарғы өшірулі)	мбар	≤ 30	
Қазанның алдыңғы бөлігіндегі қысымнан қорғаныс	мбар	≤ 100	Көрсетілген қысым жабдықтау желісінде қысым реттегіші жұмыс істемей қалған жағдайда көтерілмеуі керек. Қажетті қысым сақтандырғыш клапан немесе сақтандырғыш шығыс клапан орнату жолымен тапсырыс берушімен қамтамасыз етіледі.

Кесте 14 Жанғыш заттар мен Н табиғи газы (физикалық талаптар)

2.10.5 Жанғыш заттар мен Н табиғи газын пайдалану шарттары (химиялық талаптар)

Пайдалану шарттары	Бірлік	Сала	Ескертулер - Талаптарды нақтылау
Сутегі мөлшері	%	≤ 23	
Күкірт мөлшері	мг/м ³	≤ 100	Соның ішінде одорант қолдану көмегімен күкірт мөлшері.
Күкірт құрамы, қысқа уақытта	мг/м ³	≤ 150	Соның ішінде одорант қолдану көмегімен күкірт мөлшері.
Күкіртті сутек	мг/м ³	≤ 5	
Аммиак мөлшері	мг/м ³	≤ 3	

Кесте 15 Жанғыш заттар мен Н табиғи газы (химиялық талаптар)

2.10.6 Жанармайға қойылатын талаптар - бутан/пропан сұйылтылған газы - қоспалар (химиялық құрамға қойылатын талаптар)

Пайдалану шарттары	Бірлік	Сала	Ескертулер - Талаптарды нақтылау
Бутан мөлшері	Масс. %	≤ 60	
Газообразные составные части (H ₂ , N ₂ , O ₂ , CH ₄)	Масс. %	≤ 0,2	
Күкірт мөлшері	мг/кг	≤ 50	
Қосылым қысымы	мбар	32...50	
Қысым қорғанысы	мбар	≤ 100	Көрсетілген қысым жабдықтау желісінде қысым реттегіші жұмыс істемей қалған жағдайда көтерілмеуі керек. Қажетті қысым сақтандырғыш клапан немесе сақтандырғыш шығыс клапан орнату жолымен тапсырыс берушімен қамтамасыз етіледі.

Кесте 16 Отын - Сұйық газ - Бутан/пропан (химиялық талаптар)

2.10.7 Гидравлика мен су сапасына қойылатын талаптар

Пайдалану шарттары	Бірлік	Сала	Ескертулер - Талаптарды нақтылау
Жұмыс қысымы (артық қысым)	бар	0,5...4,0	
Рұқсат етілетін сынақ қысымы	бар	1,0...5,2	
Температура реттегіш «ТР» арқылы температурамен қамтамасыз ету	°C	50...90	
Қорғаныс температура шектегіш құралымен температурамен қамтамасыз ету	°C	100...120	Реттегіш құрылғыларда мән кейде 100-120 °C арасында өзгере алады.
Толтыруға арналған су	–	–	Толтыру және суды толықтыру үшін тек сапалы ауызсуды пайдаланыңыз. 8,2- 9,5 бар қысым ұсынылады.

Кесте 17 Гидравлика мен су сапасына қойылатын талаптар

2.10.8 Пайдалану шарттары

Пайдалану шарттары	Минималды қазандық температурасы	Пайдалануды тоқтату (қазанды толық сөндіру)	Қыздыратын аспап арқылы жылу айналымын реттеу ¹⁾	Минималды қайта айналым температурасы
Қазанның Logamatic -реттегіш құрылғысымен бірге пайдаланудың жылжымалы төмен температурасы үшін (мысалы, Logamatic 2107)				
	Талап қойылмайды Рабочие температуры обеспечиваются с помощью регулирующего устройства Logamatic ²⁾	Logamatic реттегіш құрылғы көмегімен автоматты түрде	Ешқандай талап қойылмайды, бірақ жылу жүйесіндегі төмен температура көбіне 55/45 °C болған жағдайда, қажетті: - Еден жылыту жүйесі - Су мөлшері көп құрылғылар (> 15л/кВт)	Талап қойылмайды
Logamatic-қазандығы реттегіш құрылғысымен бірге қазандықтағы температураны тұрақты сақтайды (мысалы, Logamatic 2101, Logamatic 4212 немесе сыртқы реттегішті қосқанда)				
	65 °C ³⁾	Пайдалануды тоқтатқан соң жылыту > 3 с созылуы мүмкін	Қажет	Жасау қажет: - Су мөлшері көп құрылғылар (> 15 л/кВт): 55 °C - Модульді ретелетін жанарғыны пайдалану: 55 °C

Кесте 18

- 1) Қыздыратын аспабы бар жылу айналымын реттегіш реттеу жүйесін жақсартуды және бірнеше реттегіші бар құрылғыларда қолдануға кеңес беріледі.
- 2) Реттегіш құрылғы арқылы жылу айналымына әсер ету мүмкін болмаған жағдайда (мысалы, сорап арқылы), ҚОСУ тетігімен оттықтағы 50 °C температураға 10 минут ішінде ток көлемін шектеу арқылы қол жеткізуге болады.
- 3) Қазандықтың температура реттегішін реттеу: оттықтарды қосқанда қазандықтағы минималды температура деңгейі 10 минутта қол жеткізіліп, минималды температура ретінде сақталуы тиіс (мысалы, ток көлемін шектеу арқылы).

2.10.9 Газ санатына қойылатын талаптар (әр елге тән)

Ел	Газ санаты	Газ қосылымының қысымы [мбар]
KZ, RU, UA	II _{2H3P}	20; 50
DZ, EE, LV, LT	I _{2H}	20
BY	II _{2H3P}	20; 50

Кесте 19 Елге байланысты газ санаттары

Ел	Газ санаты	Газ қосылымының қысымы		Нұсқа
		Табиғи газ H/E (G20) [мбар]	Сұйық газ P/B (G30/G31) [мбар]	
DZ, EE, LV, LT	I _{2H}	20	–	B _{11BS}
BY, KZ, RU, UA	II _{2H3P}	20	50	B _{11BS}

Кесте 20 Елге байланысты газ санаттары

Елдер тізімі

Елдердің қысқарған атаулары	Ел
BY	Белоруссия
DZ	Алжир
EE	Эстония
KZ	Қазақстан
LT	Литва
LV	Латвия
RU	Ресей
UA	Украина

Кесте 21 Елдер тізімі

3 Жарлықтар

Қазандықтың құрылымы мен қолданылуы келесі талаптарға сәйкес келеді:

- EN 297
- 2009/142/EG газ құрылғы директивалары
- 92/42/EEG ПӘК директивасы
- 2004/108/EG EMV директивасы
- 2006/95/EG төмен қысым директивасы

3.1 Стандарттар мен директивалар

Орнату және қолдану барысында келесі әр елге тән нұсқаулар мен нормаларды ескеру керек:

- Орналастыру талаптары туралы жергілікті анықтамалар
- Жергілікті құрылыс нормалары және ауаны беру және шығару құрылғыларына, сондай-ақ, түтін құбырын қосуға қатысты ережелер
- Электрлік токпен қамтамасыз ету үшін берілетін анықтамалар
- Газ жанарғысының жергілікті газ желісіне қосу туралы газбен қамтамасыз ететін мекеменің техникалық ережелері
- Сумен жылыту құрылғысын қауіпсіз техникалық жабдықтау туралы нұсқаулар мен нормалар
- Жылыту құрылғыларын орнатушыларға арналған нұсқау

3.2 Рұқсат және мәлімет алу міндеттемесі

- ▶ Газ жылыту қазандығын орнатуға мүдделі газ қызметіне көрсету және олардан рұқсат алу керектігіне назар аударыңыз.
- ▶ Жергілікті орындарда бекітілген рұқсатнамалар газ құрылғыларына міндетті болып табылады.
- ▶ Қондырғыны орнату алдында аймақтағы жауапты мұржа тазартатын маманға хабарласу керек.

3.3 Орнату орны



ҚАУІП: Улану қаупі бар!

Таза ауаның жеткіліксіздігі қауіпті газ ағынының жиылуына әкелуі мүмкін.

- ▶ Ауа ағыны жеткілікті және кедергісіз келіп тұрғанына назар аударыңыз.
- Егер ақау дер кезінде жойылмаса:
- ▶ Қазанды сөндіріңіз.
- ▶ Қондырғыны жеткізуші мекемеге табылған ақау мен қауіп туралы жазбаша түрде мәлімдеу қажет.



ҰСЫНЫС: Жануға арналған ауаның ластануына немесе қазанның жанындағы ауаның ластануына байланысты қазан зақымдануы!

- ▶ Қазандықты ешқашан шанды немесе химиялық белсенді ортада пайдалануға болмайды (мысалы, шеберханалар, шаштараздар, ауылшаруашылық орындары (көң)).
- ▶ Қазанды трихлорэтилен немесе галоген сутектер, сонымен бірге басқа да агрессивті химиялық заттар сақталатын немесе қолданылатын орындарда ешқашан пайдалануға болмайды. Осы тектес заттар баллондарда, желімдерде, тазартқыш заттар мен лактардың құрамында бар.



ҰСЫНЫС: Құрылғы аяздан зақымдануы мүмкін!

- ▶ Жылыту құрылғысын аязға төзімді жайда орнату керек.



ҚАУІП: Тез тұтанғыш материалдар мен сұйықтықтардан өрт шығу қаупі!

- ▶ Қазанның жанында тез тұтанғыш заттар мен жанғыш сұйықтықтарды сақтамау керек.

Құрылым түрі B₁₁ (ПГ бақылаусыз)

- ▶ Пайдаланылған газды бақылау құралынсыз қазанды тұрғын жай емес және ережеге сәйкес желдетілетін орындарда (мысалы, қазандық) орнату қажет.

B_{11BS} құрылым түрі (пайдаланылған газды бақылау құралымен)

Жергілікті немесе ұлттық қаулылар мен заңдарға сәйкес ПГ улылығын бақылау құрылғысын пайдалану міндетті болуы мүмкін (мысалы, қазанды тұрғын жайларда немесе салыстырмалы жағдайларда немесе шатырдағы қазандықта пайдалану).

Пайдаланылған газ жайға қарай бағытталса, газды жіберу тоқтатылады. Жанарғылар іске қосылмайды.



ҚАУІП: Улану қаупі бар!

ПГ бақылау құрылғысы жұмысына араласу пайдаланылған газдың қауіпті бөлінуіне әкелуі мүмкін.

- ▶ Пайдаланылған газды бақылау құрылғысына өз бетінше жөндеу жұмыстарын жүргізуге болмайды.
- ▶ Бөлшектерді алмастыру кезінде тек қана шынайы бөлшектерді қолданыңыз.
- ▶ Ауыстырған соң, пайдаланылған газдың температурасы датчигін көрсетілген орында орнатыңыз.
- ▶ ПГ бақылау құрылғысын апаттық жағдайларда да өшірмеңіз.
- ▶ Қазанның ағынның сақтандырғыш құрылғысынан кейін орналасқан термиялық жолмен басқарылатын пайдаланылған газдардың жабу клапанымен жабдықталмағанын тексеріңіз.

3.4 Пайдаланылған газ қосылымы

Қазан ылғалға сезімтал емес ПГ шығару жүйесіне қосылуы керек

Егер қазан бөлмедегі ауаға байланысты қосылса:

- ▶ Жануға арналған ауа үшін қажетті саңылаулары бар қондырғысы үшін бөлмені таңдаңыз.
- ▶ Пайдаланылған ауа саңылауларын ашық ұстау керек. Бұл саңылаулардың алдына зат қоймау керек.

3.5 Тексеру/қызмет көрсету

Жылыту құрылғыларын жүйелі түрде жөндеу келесі себептерге байланысты міндетті болып табылады:

- Жоғары жылу температурасын сақтау және жылыту құрылғысын үнемді пайдалану үшін
- Жоғарғы деңгейдегі жұмыс қауіпсіздігі
- Экологиялық талаптарға сәйкес жанудың жоғары деңгейінде болу үшін.

Қызмет көрсету аралығы



ҰСЫНЫС: Құрылғы тазалау және техникалық қызмет көрсету бойынша орындалмаған немесе дұрыс емес орындалған жұмыстар нәтижесінде зақымданған!

- ▶ Жылына бір рет жылыту құрылғысын тексеруден өткізу керек.
- ▶ Қажет болса, жылыту қондырғысын тазалаңыз.
- ▶ Қажеттілік туындағанда қызмет көрсетіңіз.
- Жылыту қондырғысына зақым келтірмеу үшін:
- ▶ Анықталған ақауларды дереу жойыңыз.

3.6 Құралдар, материалдар және көмекші құралдар

Қазанды орнату және оған қызмет көрсету үшін жылу, газ және сумен жабдықтау құрылғылары саласында қолданылатын стандартты құралдарды қолдану міндетті болып табылады. Сол себепті арнайы белдікті қол арба болуы шарт.

3.7 Нұсқаулар кепілдігі

Өзгертілген нұсқаулар мен толықтырулар орнату барысында қолданыста болады және орындалуы тиіс.

4 Қазанды тасымалдау және орнату



ҰСЫНЫС: Соққыдан зақымдалу қаупі!

- Соққыға сезімтал бөлшектерді қорғаңыз.
- Орамадағы тасымалдау белгілерін ескеріңіз.



ЕСКЕРТУ: Дұрыс қорғалмаған қазанның зақымдалу қаупі!

- Сәйкес тасымалдау құралының көмегімен қазанды тасымалдаңыз.
- Тасымалдау кезінде қазанның құлап кетпеуіне назар аударыңыз.

Айырлы жүк тиегішпен тасымалдау

- Қаптаманың ашылмағандығын тексеріңіз.
- Айырлы жүк тиегішті қазандықтың астыңғы бөлігіне жақындатыңыз. Айырдың көлемін қазандықтың ұзындығына сәйкес таңдаңыз.
- Қазандықты абайлап көтеріңіз (1...2 см).
- Жүк салмағы тең болмауы себепті қазандықтың орнықтылығын тексеріңіз. Қажеттілік туындағанда орынға назар аударыңыз.
- Қазандықты көтеріңіз және еңкейтілген күйде орналастырылатын жайға жеткізіңіз.
- Қазанның орамасын жинаңыз және экологиялық талаптарға сәйкес пайдаға жаратыңыз.



ҰСЫНЫС: Қазанның ластануынан туындаған зақымдалу қаупі!

Қазанның орамасы ашылған соң біраз уақыт қолданылмаған жағдайда:

- Қазандықтың тетіктерін ластанудан сақтау керек және тетіктердің қақпақшаларын ажыратпау керек.

4.1 Қазанды орнату

Орынды таңдаған кезде:

- Орнату орнына қатысты орнату мен сервистік қызмет көрсету талаптарын қадағалаңыз.
- Қабырғамен арадағы ұсынылатын қашықтықты қадағалаңыз.
- Іргетас немесе орнату орны тегіс әрі көлденең болуын тексеріңіз.
- Қазанның алдыңғы шеті іргетастың шетінен шығып тұрмауын қадағалаңыз.

Орнату орны бойынша қосымша нұсқаулар (→ 3.3 бөлімі, 13-бет).



Қажет болған жағдайда басқа компоненттердің қабырғаларынан қосымша қашықтықтарды (мысалы, ыстық суды жинағыш) ескеріңіз. Компоненттердің монтаждау нұсқауларын қадағалаңыз.




ҰСЫНЫС: Жердің қатты болмауы себепті қазандықтың зақымдалуы!

- Қазанды тек арнайы негізге (мысалы, іргетас) орнату керек.

4.1.1 Дара қазанды орналастырып, ортасынан туралаңыз

- Түпшені алып тастап, қазан блогын орнатыңыз.
- Қабырғамен арадағы ұсынылатын қашықтықты қадағалаңыз (→ 5-сур. және 22 кестесі).
- Қазан блогын тігінен және көлденеңінен тура қойыңыз. Бұл ретте ватерпас пайдаланыңыз.
- Қажет болған жағдайда металл үшкілді немесе пластинкаларды пайдаланыңыз.



6 720 809 550-02.1T

Сурет 5 Қабырғамен арадағы қашықтық, жеке қазан

Өлшем	Қабырғадан қашықтығы [мм]	
A	ұсынылады	400
	кемінде	100/400 ¹⁾
B	ұсынылады	400
	кемінде	100
C	ұсынылады	400
	кемінде	400
D	ұсынылады	600
	кемінде	500


Кесте 22 Қабырғамен арадағы қашықтық, жеке қазан (мм-мен алынған өлшем)

1) ПГ бақылау құрылғысымен жылыту қазанын орнату кезінде кемінде бір жағынан қабырғадан 400 мм қашықтықты сақтаңыз (ПГ бақылау құрылғысының ПГ температурасы датчигіне кіру мүмкіндігі).

4.1.2 Қосарлы қазанды орналастырып, ортасынан туралаңыз

Бірінші қазан блогын орнатыңыз.:

- ▶ Түпшені алып тастап, қазан блогын орнатыңыз.
- ▶ Қабырғамен арадағы ұсынылатын қашықтықты қадағалаңыз (→ 6-сур. және 23 кестесі).




6 720 809 550-01.1T

Сурет 6 Қабырғамен арадағы қашықтық, қосарлы қазан

Өлшем	Қабырғадан қашықтығы [мм]	
A	ұсынылады	500
	кемінде	400
B	қазанның жалпы ені	(→ 7 кестесі, 8-бет)
C	ұсынылады	500
	кемінде	400
D	ұсынылады	600
	кемінде	500

Кесте 23 Қабырғамен арадағы қашықтық, қосарлы қазан (мм-мен алынған өлшем)

- ▶ Қазан блогын тігінен және көлденеңінен туралаңыз. Бұл ретте ватерпас пайдаланыңыз.
- ▶ Қажет болған жағдайда металл үшкілді немесе пластинкаларды пайдаланыңыз.
- ▶ Екінші қазан блогын орнатыңыз.
- ▶ Ұстатқышты [2] шығыс коллекторда [1] бүйірінен орнатыңыз.
- ▶ Екінші қазан блогын ұстатқыш бойынша ортасынан туралаңыз.



7 747 002 875-01.2T

Сурет 7 Ұсынылатын қабырғамен арадағы қашықтықты/минималды қашықтықты қадағалаңыз

- [1] Пайдаланылған газды жинау құрылғысы
- [2] Ұстатқыш


Шығыс коллекторлар арасындағы қашықтық **605 мм** құрайды.

5 Орнату

5.1 Алаудан қорғау құрылғысын/шығыс газдар коллекторын орнатыңыз

Алаудан қорғау құрылғысын орнатыңыз (дара қазан)

- ▶ Алаудан қорғау құрылғысын 8 берілетін бекіткіш бұрандамен [1] шығыс коллекторда бекітіңіз.




Сурет 8 Алаудан қорғау құрылғысын орнатыңыз

- [1] Бекіту бұрандалары

Шығыс газдар коллекторын орнатыңыз (қосарлы қазан)

- ▶ Қазан блоктарының шығыс коллекторларынан [2] тазалау қақпағын алып тастаңыз.
- ▶ Шығыс газдарға арналған коллекторды [1] шығыс коллекторлар [2] үстіне қойыңыз.
- ▶ Шығыс газдарға арналған коллекторды бұраңыз [1].




Сурет 9 Шығыс газдарға арналған коллекторды орнатыңыз

- [1] Шығыс газдарға арналған коллектор
[2] Пайдаланылған газды жинау құрылғысы

Шығыс газдарға арналған коллекторды [1] ішінен герметикалау:

- ▶ Берілетін тығыздағыш таспаны [3] екі бірдей бөлікке бөліңіз.
- ▶ Тығыздағыш таспаны екі бөлігін шығыс гахжар [1] мен қазан компоненттері [4] үшін коллекторлар арасына мықты қыстырыңыз.
- ▶ Шығыс коллекторына тазалау қақпақтарын орнатыңыз [2] және тартыңыз.



Сурет 10 Шығыс газдарға арналған коллекторды орнатыңыз

- [1] Шығыс газдарға арналған коллектор
[2] Пайдаланылған газды жинау құрылғысы
[3] Тығыздағыш таспа
[4] Қазан компоненттері

5.2 Қорекпен қосылымды орнату



ҰСЫНЫС: Тығыз болмағандықтан, қондырғыға зақым келеді!

- ▶ Қазан қосылымында қосылым құбырларын тартқышсыз орнатыңыз.


5.2.1 Газды қосуды жүзеге асыру



ҚАУІП: Жанғыш газдардың жарылуы өмірге қауіпті!

- ▶ Қондырғының газ жеткізгіш бөліктерін тексеруді тек қана мамандандырылған қызмет көрсету мекемесінің мамандары ғана жүргізуі тиіс.
